

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару

жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі агенттік арқылы заңды тұлғалардың директивтік кредиттер және өзара қарызды ішкі республикалық есептеу нәтижесі бойынша берілген кредиттер жөніндегі берешектерін сатуға әзірлеу тәртібі

I. Заемшы кәсіпорындардың директивтік кредиттер бойынша қарыздарын реттеу тәртібі

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заемшы кәсіпорындардың директивтік кредиттер бойынша қарыздарын реттеу мақсатында директивтік кредиттерге қызмет көрсететін екінші деңгейдегі банктерге (бұдан әрі - банктер) мыналарды ұсынысін:

а) кредитті пайдаланған уақытының барлығына жылына 10 процент өсім есептей отырып, банктерге заңды тұлғалардан берешекті толық көлемінде төлеттіру құқығын бере отырып, заңды тұлғалардың бір бөлігінің негізгі қарыз сомасындағы берешегін іріктеп сатып алу;

б) келіскен жағдайда банктер берешегі негізгі қарыз сомасы мен кредитті пайдаланған барлық уақытында жылына 10 процент өсім сомасында өтеуге жататын заңды тұлғалардың тізбесін облыстық қаржы басқармалары бекіткен есеп-қисаппен қоса жасасын. Бұл тізбені банктер 1997 жылдың 30 мамырына дейін Қазақстан Республикасының қаржы министрлігіне жіберуі үшін облыстық қаржы басқармаларына берсін.

в) 1997 жылдың 30 мамырына дейін банктер заңды тұлғалар берешектерін әрбір сатып алу бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облыстық басқармасымен шарт жасассын (1-қосымша).

Банк өтеген кезде әрбір заңды тұлға бойынша негізгі қарыз бен кредитті пайдаланған барлық уақытында жылына 10 процент өсім мөлшеріндегі берешек сомасын Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі банк берешегінің сомасын осы заңды тұлғаның жалпы берешегінің сомасына (негізгі қарыз және барлық бұрын есептелген проценттер) кемітсін;

г) берешегін сатып алу мақсатқа сай емес деп танылған заңды тұлғалар бойынша банктер 20 күн мерзімде облыстық қаржы басқармаларына қабылдау-өткізу актісі бойынша мынадай құжаттарды береді:

шаруашылық жүргізуші субъектілердің берешегіне билік жасау құқығы туралы Қазақстан Республикасының қаржы министрлігіне сенім хат (2-қосымша);
кредиттік шарттар (банк - заемшы кәсіпорын, түпнұсқа);

кепілмен қамтамасыз ету туралы құжаттар.

Банктер осы Тәртіптің барлық шарттарын орындаған жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі банктің барлық берешегін баланстан тыс есептеуден алып тастасын.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.05.06. N 795 қаулысымен.

2. Облыстық қаржы басқармалары 20 күн мерзімде берешегін банктер сатып алмайтын заңды тұлғаларға (3-қосымша) мыналар ұсынылсын:

а) берешектерді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі агенттік (бұдан әрі - Агенттік) арқылы өткізілетін саудаластық арқылы сату туралы келісім жасасу (4-қосымша);

б) 20 күн мерзімде заңды тұлғалармен жасалған келісімдерді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жіберу;

в) келісім жасамаған немесе жасаудан бас тартқан шаруашылық жүргізуші субъектілерге талап қою (5-қосымша);

г) талап шарттарын орындаудан бас тартқан жағдайда Қазақстан Республикасының тиісті соттарының шаруашылық істері жөніндегі алқаларына талап арызын беру (6-қосымша), сот органдарының аталған шаруашылық жүргізуші субъектілер бойынша тиісті шешімдері осы кәсіпорындар бойынша қарыздарды сату құқығына сенім хат, сондай-ақ кредиттік шарттар, кепілмен қамтамасыз ету құжаттары соттардың шешімдерін орындау жөнінде шаралар қабылдау үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жіберіледі.

II. Заемшы кәсіпорындардың өзара қарызды ішкіреспубликалық есептеу нәтижесі бойынша берілген кредиттер жөніндегі қарыздарын реттеу тәртібі

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заемшы кәсіпорындардың өзара қарызды ішкіреспубликалық есептеу нәтижесі бойынша берілген кредиттер жөніндегі қарыздарын реттеу мақсатында осы кредиттерге қызмет көрсететін банктерге мыналарды ұсынысын:

а) кредитті пайдаланған уақытының барлығына жылына 10 процент өсім есептей отырып, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі банктерге заңды тұлғалардан берешекті толық көлемінде алу құқығын, сондай-ақ кепілге берілген мүлікке алу құқығын бере отырып, заңды тұлғалардың бір бөлігінің негізгі қарыз сомасындағы берешегін іріктеп сатып алу;

б) келіскен жағдайда банктер берешегі негізгі қарыз сомасы мен кредитті пайдаланған барлық уақытына жылына 10 процент өсім сомасында өтеуге жататын

занды тұлғалардың тізбесін облыстық қаржы басқармалары бекіткен есеп-қисаппен қоса жасасын. Бұл тізбені банктер 20 күн мерзім ішінде Қазақстан Республикасының қаржы министрлігіне жіберуі үшін облыстық қаржы басқармаларына берсін;

в) 20 күн мерзімде банктер заңды тұлғалар берешектерін әрбір сатып алу бойынша Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің облыстық басқармасымен шарт ж а с а с с ы н (1 а - қ о с ы м ш а) ;

Банк өтеген кезде әрбір заңды тұлға бойынша негізгі қарыз бен кредитті пайдаланған барлық уақытына жылына 10 процент өсім мөлшеріндегі берешек сомасын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы қаржы министрлігімен жасалған кредиттік шарттың сомасы бойынша банк берешегінің сомасын осы шаруашылық жүргізуші субъектінің жалпы берешегінің сомасына (негізгі қарыз және барлық бұрын есептелген проценттер) кемітсін;

г) берешегін банктер өтемейтін заңды тұлғалар банктерге (2 а-қосымша) заңды тұлғаның берешегін Агенттік өткізетін саудаластықтан сату туралы келісім жасау ұ с ы н ы л с ы н (3 а - қ о с ы м ш а) ;

д) жасалған келісім мен банк сенім хат (4 а-қосымша) Қазақстан Республикасының қаржы министрлігіне жіберу үшін 20 күн мерзімде облыстық қаржы басқармасына б е р і л с і н ;

е) келісім жасамаған немесе жасаудан бас тартқан барлық заңды тұлғалар бойынша банктер қаржы басқармаларымен бірге банктің атынан талап қою (5 а-қосымша);

ж) талап шарттарын орындаудан бас тартқан жағдайда облыстық қаржы басқармаларымен бірге банктің атынан Қазақстан Республикасы тиісті соттарының шаруашылық істері жөніндегі алқаларына талап арызын беру (6 а-қосымша), сот органдарының заңды тұлғалар бойынша тиісті шешімдері, сондай-ақ осы шаруашылық жүргізуші субъектілер бойынша қарыздарды сату құқығына банктің сенім хат соттарының шешімдерін орындау жөнінде шаралар қабылдау үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жіберіледі.

Банктер осы тәртіптің барлық шарттарын орындаған жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі банктің барлық берешегін баланстан тыс есептеуден алып тастасын және олармен бұрын жасалған кредиттік келісімдердің күшін жойсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған шарттар бойынша шешімдер қабылданбаған жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен кредиттік шарттар жасаған банктерден берешектерді банктердің корреспонденттік шоттарынан толық көлемде (проценттер мен өсімді есепке ала отырып) алып қоюға сот органдарына шағымдансын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

10 күн мерзімде заемшы кәсіпорындардың қарыздарын реттеу жөніндегі тиісті облыстық қаржы басқармаларына өкілеттік берсін;

1996 жылдың 20 қыркүйегіне дейінгі мерзімде және директивтік кредиттер мен өзара қарызды ішкіреспубликалық есептеу нәтижесі бойынша берілген кредиттер жөніндегі қарыздарды сатуға қажетті тиісті құжаттарды олардың түсуіне қарай Агенттікке беретін болсын, сондай-ақ қарыздарды сату тәртібі туралы шартта жасассын.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.05.06. N 795 қаулысымен.

III. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік саудаластығына қойылған заңды тұлғалардың есептесу тәртібі

4. Заңды тұлғалардың директивтік кредиттер және өзара қарыздарды ішкіреспубликалық есептесу нәтижесі бойынша берілген кредиттер жөніндегі талап қоюға ұсынылған берешектер көлемі кредиттік шарттарға сәйкес есептеледі.

5. Заңды тұлғалардың Агенттік саудаластығына қойылған директивтік кредиттер жөніндегі берешектер көлемі негізгі қарыздар мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің арнаулы қарыз шотына дебеттелген проценттер сомасынан, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қолданылып жүрген қайта қаржыландыру ставкасы бойынша дебеттелген негізгі қарыз сомасына қосымша проценттен құралады.

6. Агенттік саудаластығына қойылған өзара қарыздардың ішкіреспубликалық есебінің нәтижелері бойынша берілген кредиттер бойынша заңды тұлғалардың берешектерінің көлемі аталған кезеңде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданылып жүрген қайта

қаржыландыру ставкалары бойынша есептелген негізгі қарыз бен проценттердің сомасынан қалыптасады, бұған баланстан тыс есепке жатқызылған сәттен бастағандағы жылдық проценттердің 20 проценті қосылады.

7. Есептесулер 1996 жылғы 15 қыркүйектегі жағдай бойынша әзірленеді.

ЕСКЕРТУ. Қаулы III-тарау мен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.08.22.
N 1045 қаулысымен.

Р 9 6 1 0 4 5 _

1,1a қосымша

ШАРТ

Алматы қаласы 1996 жыл " _ " _____

Ереже негізінде іс-қимыл жасайтын, бұдан әрі "Қаржымині" деп аталатын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі атынан облыстық қаржы басқармасының бастығы _____ және Жарғы негізінде іс-қимыл жасайтын, бұдан әрі "Банк" деп аталатын " _____ " акционерлік банкі атынан басқарма төрағасы _____ төмендегілер туралы осы шартты жасады.

1. Шарттың мәні

1.1. Банк бұрын жасалған кредиттік шарттар бойынша, атап айтқанда, кредитті пайдаланудың барлық уақытында (қосымшаға сәйкес, қосымша осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады) негізгі қарыздың сомасы есебінен 10 проценттік жылдық аударымымен тікелей заемшылар үшін Қаржымині алдындағы берешегін өтеуді жүргізеді.

2. Тараптардың міндеттері

2.1. Банк 1996 жылғы _____ дейінгі мерзімде негізгі қарыздың сомасында кредитті пайдаланудың барлық уақытында 10 проценттік жылдық аударымымен тікелей заемшылар үшін (қосымшаға сәйкес)

_____ теңгені құрайтын
_____ ақшалай қаржыны Қаржыминінің шотына аударуға

міндетті.

2.2. Қаржымині төлем тапсырмасымен расталған ақшалай қаражаттың түсуі негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы "___" _____ N ___ қаулысымен бекітілген тәртіпке сәйкес Банк берешегін азайтуды жүргізеді.

3. Тараптардың жауапкершілігі

3.1. Банк Қаржыминінің шотына ақшалай қаражатты уақтылы

аудармаған жағдайда әрбір кешіктірген күн үшін осы шарттың

2.1.-тармағына сәйкес жалпы соманың _____% есебінде өсім төлейді, бірақ _____% артық емес.

3.2. Барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

3.3. Осы шарт бірдей заңдылық күші бар 2 (екі) данада жасалған.

3.4. Шарт оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және тараптардың осы Шартта қарастырылған міндеттемелерін орындағанға дейін қолданылады.

3.5. Осы Шартқа өзгертулер мен толықтырулар тараптардың келісімі бойынша жазбаша түрде қабылданады.

3.6. Осы шартты бір тарапты бұзуға жол берілмейді.

4. Тараптардың заңдық мекен-жайы

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Акционерлік Банк

2 қосымша

СЕНІМХАТ

_____ қаласы 1996 жыл "___" _____
" _____" акционерлік банкі осы сенімхатпен

199__жылғы " " _____ N _____кредиттік шартқа сәйкес

_____теңге сомасындағы

_____берешегін иелік етуге
(борышқор-шаруашылық жүргізуші субъектінің атауы)

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне сенім білдіреді.

Осы сенімхат Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік ұйымдастыратын қарыздар саудаластығының бүкіл кезеңінде күшін сақтайды.

Басқарма төрағасы

Бас бухгалтер _____

2а қосымша

ХАБАРЛАМА

_____қаласы 1996 жыл " " _____
_____акционерлік банкі 199__жылғы "" _____
_____ N _____кредиттік шартқа сәйкес жалпы сомасы _____
_____теңгеге

Сіздің берешегіңіз Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік арқылы өткізілетін қарыздар саудаластығына қойылғаны туралы хабарлайды.

Осыған байланысты Сізге 5 күндік мерзімде келісім жасау ұсынылады.

Басқарма төрағасы

М.О.

ХАБАРЛАМА

_____ қаласы 1996 жыл " " _____

_____ облқаржыбасқармасы 199__ жылғы "" _____
_____ N _____ кредиттік шартқа сәйкес жалпы сомасы _____
_____ теңгеге

Сіздің берешегіңіз Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттігі арқылы өткізілетін қарыздар саудаластығына қойылғаны туралы хабарлайды.

Осыған байланысты Сізге 5 күндік мерзімде келісім жасау ұсынылады.

Облқаржыбасқармасының бастығы

М.О. _____

4, 3а қосымша

КЕЛІСІМ

_____ қаласы " " _____ 1996 жыл

Бұдан әрі Қаржымині деп аталатын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі _____ облыстық қаржы басқармасының бастығы _____ атына, бұдан әрі "Банк" деп аталатын _____ акционерлік банкі басқарма төрағасы _____ атынан және бұдан әрі "Борышкер" деп аталатын _____ атынан осы келісімді жасады.

1. Бoryшкер Банкінің алдындағы берешегін қарыздарды жоюды жүзеге асырушы өкілетті орган - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы Кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі агенттік арқылы жүзеге асыруға келісім береді.

2. Проценттер мен есептелген айыппұлдың өсімі ескеріліп берешекті жоюға қойылған сома айқындалады және бoryшкер Банкі мен облыстық қаржы басқармасының тарапынан расталады, есептеу осы келісімге қоса беріледі, _____

қ о с ы м ш а .

3. Қарыздарды сатудың құны Қазақстан Республикасы Мемлекеттік

мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы Кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі агенттік ұйымдастыратын қарыздар саудасында аукциондық жолмен айқындалатын болады.

4. Осы келісім тараптардың келісімінсіз өзгертуге жатпайды.

5. Осы келісім біреуі банкі үшін, екіншісі Бoryшкер үшін, үшіншісі - қаржы басқармасы үшін, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне беру үшін 3 данада жасалады.

Қаржыминінен

Банкіден

Бoryшкерден

5, 5а қосымша

(кәсіпорынның атауы)

(басшының аты-жөні)

(заңды мекен-жайы)

_____ сомаға

ТАЛАП

" " _____ N _____ кредиттік келісімге (шартқа) сәйкес

Сізге _____
(мақсаттар)

_____ үшін

(хабарлануы туралы, кредитті қайтару туралы, қойылған төлемдік тапсырмалар туралы көрсету керек).

_____ (қамтамасыз етуге)

_____ теңге мөлшерінде

_____ (директивалық кредит, өзара есептесу бойынша

кредит, айналымдағы қаражаттарға кредит екендігі көрсетілсін)
кредиттік ресурстар беріледі.

Кредитті өтеу мерзімі _____
болғанына қарамастан Сіз шарт бойынша қабылданған міндеттемені
кредиттік берешектерді өтеу бөлігінде орындамадыңыз, оның үстіне
Сізге ескерту-затта мазмұндалған Сізге қызмет көрсетуші банкі мен
қаржы басқармасының талаптарын қанағаттандыру шаралары қолданылған
жоқ.

_____ жағдай бойынша Сіздің

_____ (шаруашылық жүргізуші субъектінің атауы)

берешегі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің алдындағы
кредит бойынша _____

_____ теңгені құрайды.

кредит бойынша проценттері _____

_____ теңге 1996 жылғы

" " _____ хабарлама қағаз арқылы Сіз Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеттің жанындағы
кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік өткізетін қарыздар саудасында
Сіздің қарызыңызды жүзеге асыру туралы жасалған келісім туралы хабардар болдыңыз
, әйтсе де аталмыш ұсыныстың шарты да Сіздің тарапыңыздан орындалмады.

Осы айтылғандардың негізінде Сізден пайда болған берешектерін жою жөнінде
шұғыл шаралар қолдануыңызды не болмаса Сіздің қарызыңызды жүзеге асыруға
келісетіндігіңіз туралы келісім жасауыңызды сұраймыз, өйтпеген жағдайда _____

_____ облыстық қаржы басқармасы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
шаруашылық істері жөніндегі алқасына хабарласуға мәжбүр болады, соның
нәтижесінде Сіз қолданылып жүрген заңда белгіленген мемлекеттік баж

салығын төлеу жөнінде қосымша шығынға отырасыз.

Осы Талапқа жауапты біздің мекен-жайымызға заңмен белгіленген бір ай мерзімде жолдауыңызды сұраймыз.

Осы талапты қарау үшін қажетті құжаттар Сізде бар.

Қосымша: 1. Анықтама-есептесу 1 парақта

2. Хабарлама-хат

3. _____

Қаржы басқармасының

бастығы _____

N 6, ба қосымша

Шаруашылық істері

жөніндегі алқа

Талапкер: _____

Жауапкер: _____

ТАЛАП АРЫЗ

_____ сомаға

_____ N _____
кредиттік келісіммен _____

(шаруашылық жүргізуші субъектінің атауы)

_____ теңге сомаға
кредит ұсынды.

Кредиттік қайтарылуын қамтамасыз ету ретінде _____

(кепілдіктің атауы)

кепілдік, кепіл ұсынылды.

Кредитті өтеу мерзімі _____ келгеніне
қарамастан _____

(шаруашылық жүргізуші объектінің атауы)

шарт бойынша қабылданған міндеттемені кредиттік берешектерді өтеу бөлігінде орындалады, оның үстіне жауапкер ескерту-хаттарда мазмұндалған талаптарды қанағаттандыру шараларын қолданбады.

" " _____ жағдай бойынша мерзімі өткен берешектердің
сомасы _____ теңгені кредиттік
берешек _____ теңгені

кредит бойынша процент _____ теңгені
құрайды.

сондай-ақ берешектерді Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік өткізетін қарыздар саудасы арқылы жүзеге асыру туралы келісу туралы келісім жасалғандығы туралы хабарламаның негізінде

_____ тек _____
_____ пайдасына кредит және пайдаланғаны үшін процент бойынша сомасы _____

теңге берешекті өндіруді не болмаса берешектерді Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік өткізетін қарыздар саудасы арқылы жүзеге асыруға келісетіндігі туралы келісім жасауға міндеттеуді

СҰРАЙМЫЗ

Қосымша:

1. _____ кредиттік келісімнің
2. _____ кепілдік хатының;
3. _____ хатының;
4. Анықтама-есеп айырысудың;
5. Банкке төленгендігін растайтын төлемдік құжаттың;
6. Жауапкерге талаптардың;
7. Талаптардың жіберілгендігі туралы квитанциялардың;
8. Талап арыз көшірмесі жауапкерге жолданғандығы туралы растаудың;
9. Хабарлама хаттардың көшірмелерінің _____ парақ құжаттар көшірмесі.

Қызметі

Аты-жөні

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК